


**«Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп» КММ бойынша
Жасөспірімдер арасында «Құқық бұзушылықтың
алдын алуға» байланысты жүргізілген жұмыстар.
2022-2023, 2023-2024 оқу жылы**

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басталғаннан мектептерде іс-шаралар атқарылды. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында Атырау ҚПБ №1 ҚПБ-мен біріккен іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды. Мектеп бойынша көлікпен қатынап оқитын оқушылар азайып, намаз оқитын ата-аналар мен оқушылар саны екі жылға салыстырғанда көбейіп келеді. Осы диаграммада көрсетілген



2022-2023 жылы 187 оқушы қаладан
2023-2024 жылы 132 оқушы қаладан

2022-2023 жылы 106 ата ана, 19 оқушы
2023-2024 жылы 107 ата-ана, 44 оқушы

Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Өкінішке орай кейбір жасөспірімдер қылмыс пен құқық бұзушылықтың арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды. Құқықтық сауаттылықты арттыру құқықтық тәрбиемен келеді. Жыл басынан бастап кәмелетке толмағандармен мақсатты профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Панасыздықтың, құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың және алкоголизмнің алдын алу мақсатында оқу жылы ішінде тиісті тақырып бойынша, темекі шегудің, нашақорлықтың және алкоголизмнің зияны туралы алдын алу әңгімелерін өткізу, жол-көлік бұзушылықтарының алдын алу, өрт қауіпсіздігі, жол сауаттылығы, темекі шегудің, маскүнемдіктің, зорлық-зомбылық,

нашақорлықтың зияны туралы құқықтық дәрістер, кездесулер, тренингтер, тәрбие сағаттары, сынып сағаттары мен әңгімелесулер өткізілді.

Оқушылармен жұмыс балалардың бойында азаматтық жауапкершілік пен құқықтық сана-сезімді, рухани және мәдениет пен еңбекқорлықты, бастамашылдықты, дербестікті, төзімділікті, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Оқу сабақтарын және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде тәртіпті нығайту мақсатында мектепте сынып жетекшілері мен оқушылардың күнделікті кезекшілігі ұйымдастырылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары мектептің жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жалпы мектепте өзге 4 ұлт өкілдері бар. (2өзбек, 2қарақалпақ)

Мектеп бойынша өгей ата-аналар туралы мәлімет

р /с	Өгей ата-ана отбасы саны	Өгей әкемен тұратын отбасы	Өгей анамен тұратын отбасы	Өгей әкемен тұратын отбасындағы бала саны	Ұлы	Қызы	Өгей анамен тұратын отбасындағы бала саны	Ұлы	Қызы
1	20	19	1	41	23	18	1	1	1

Мектепшілік, қалалық ПБ есебінде тұрған оқушылардың ата-аналарымен сынып жетекшілер тығыз байланыста болады. Сынып жетекшілер білім алушының тұрғылықты мекен-жайына рейд жұмыстарын жүргізіп, жасөспірімнің отбасылық тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі мен жасөспірімді зерттеу картасын, мектепшілік есепте тұрған оқушыға мінездеме толтырады. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспары негізінде білім алушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Барлық кәмелетке толмағандар мәдени-бұқаралық, спорттық, мектепшілік іс-шараларға қатысады. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес мынадай мәселелерді қарайды:

- құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жай-күйін зерделеу және талдау бағытталған тәрбие және профилактикалық жұмыстардың жай-күйі;
- жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру;
- мектеп Жарғысын бұзатын білім алушыларды анықтау және мектепшілік есепке қою;
- ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамауы бойынша сұрақтар;

-мектепшілік есепте тұратын білім алушыларды спорт секцияларына, үйірмелерге тарту бойынша жұмысты ұйымдастыру
«Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ бойынша ЮП және мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны және құқықбұзушылықтың жай-күйіне мониторинг.

№	Есепке тіркелгендер	2023 оқу жылы	2024 оқу жылы
1	Мектепшілік есепке алынғандар саны	1	1
2	Қалалық ПБ	1	1
3	Есепке алынған негізі	Қаңғыбастықпен айналысқан үшін	Қаңғыбастықпен айналысқан үшін

Жыл бойы білім алушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өткізілген шаралар.

«Оқушылардың құқықтары мен міндеттері», №4 емхананың окушер гинекологы А.Т. Шмановамен «Ерте жүктіліктің алдын-алу», «Жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында Атырау облысы Діни істер басқармасының «Шапағат» қоғамдық қорының теолог маманы **Бағытжан Жасұлан Берікұлымен** діни саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында қала, аудан, ауылдық округтерде тұрғындарды, жастарды кереғар діни ұйымдар мен секталардың ықпалынан сақтандыруға бағытталған іс-шаралар аясында мектеп оқушылары мен теолог маманның қатысуымен кездесу өтті.

«Жасөспірімдерді тәртіп бұзушылық пен қылмыс жасаудан сақтандыру» атты учаскелік полиция инспекторларымен кездесу, «Бақытты ана бақытты бала бақытты ел» атты тренинг ұйымдастырылды. «Зиянды заттардың жас организмге зияны бар» атты медбикемен кездесу, «Жасөспірім және жауапкершілік», «Жолда жүру ережелерін сақтайық», «Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылық әрекеттерінің алдын алу», «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында Р.Кошкарлова-ҚПБ №1 ҚПБ



ЖПҚБ ЮПТ УПИ кәмелетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция инспекторы,



полиция лейтенантымен кездесу, «Менің құқықтарым- менің міндеттерім» «Өз құқығыңды білгенің- дұрыс өмір сүргенің», «Зорлық-зомбылықтың алдын алу»

тақырыбында Р.Кошкарлова-ҚПБ №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ кәмелетке

толмағандар жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенантымен кездесу өткізілді .

«Құқық білу-еркін өмір сүру», «Құқықты біз қалай түсінеміз?», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты ата-аналар жиналысы, «Балалардың жолда жүру қауіпсіздігі» атты шара, көрініс өткізілді. «Жанұя және бала» жедел профилактикалық іс-шара аясында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында, «Жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру» атты Атырау қаласы №1 ҚПБ бастығының орынбасары полиция капитаны Бакитов Нұрлан Бериккалиевич Атырау қаласы №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ упи аға инспекторы полиция майоры Султанғалиева Жанаргуль Куанышкалиевна, Атырау қаласы №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Мырзабай Айдана Махсотқызымен кездесу өткізілді.



«Буллинг кибербуллингті алдын-алу» атты Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Кошкарлова Роксана Батырбековнамен пікірталас, «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» атты сауалнама, «Сенімділік күш береді» атты психологиялық тренинг жүргізілді. Атырау қаласы Полиция Басқармасы №1 қалалық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесі ювеналды полиция тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Р.Кошкарлова және аға лейтенанты Г.Ыбырайдың қатысуымен құқықтық тәрбие-құқық бұзушылықтың алдын алуына байланысты қазіргі таңда «Слово пацана» киносының қаралымы көп жинап жатқанына байланысты, жасөспірімдермен құқықбұзушылықты болдырмау, алдын алу мақсатында түсіндірме жұмысы жүргізілді. «Құқықтық сана-қауымға пана» атты құқық апталығы өткізілді

«Адам бостандығы-басты құндылық» тақырыбында эссе, Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ЖПҚБ ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Р.Кошкарлова және аға лейтенанты Г.Ыбырайдың және мектеп әкімшілігінің қатысуымен құқықтық тақырыпта «Заңды білген жөн екен» атты кездесу ұйымдастырылды.



Мектеп парламенті ұйымдастырумен «Құқықтық сана-қауымға пана» атты құқық апталығында «Адам өмірінде әлеуметтік желі маңызды ма?» тақырыбында

оқушыларға әлеуметтік желінің қолдану кезіндегі адамға жағымды және кері әсерлері жайында түсіндіру атты пікірталас өткізілді



«Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Досболіке достық қолын ұсын» акциясы өткізілді. «Төтенше жағдайлардың алдын алу және олардан қорғану» тақырыбында арнайы мамандармен кездесу,

«Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік» шара аясында №4 Өрт сөндіру бекетінің 1-күндік кездесу ұйымдастырылды. Атырау облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Марьяна Джанғалиева және Атырау қаласы Полиция Басқармасы №1 қалалық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесі ювеналды полиция тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Роксана Кошқаровамен бірлесіп, Ә.Жангелдин орта мектебінің жоғарғы



сынып оқушыларына «Есірткі ағзаға зияндылығы», «Есірткі және психотроптық заттарының заңсыз айналымына қатысқаны үшін қылмыстық жауаптылық» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім

балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар, ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керек сияқты.

Ұсыным: Әрбір сынып жетекші сыныптарымыздағы білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әңгіме сағаттары, мектеп инспектормен кездесулер, жоспарлы жұмыстарды бірлесе атқарып, үнемі ата-аналармен тығыз байланыс жасап, оқушының бос уақытын тиімді пайдалануға кеңес беріп отырсақ, құқық бұзушылық мәселесін болдырмауға бірден бір себеп болады деп айта аламын.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жасалған жұмыстардың сілтемесі.

<https://www.facebook.com/share/p/af8hx6kubWbGfGLz/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/v/ZXNiYpmQrxNSN1Q8/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/p/yLcuPfsidLJwN3Ry/?mibextid=qj2Omg>

<https://www.facebook.com/share/v/7P7iHrZNwP7EmdHh/?mibextid=qj2Omg>

<https://www.facebook.com/share/p/kEaNQtBhAo6KVMwZ/?mibextid=qj2Omg>

<https://www.facebook.com/share/p/bv4PB41NsNZX2Bn6/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/5Ys7pQGaQHjj1bPu/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/BXBQt4RVk2Gpze2t/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/CQWsSaw3je7CxmLY/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/b6AnjU5LUCUAuA1s/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/V6762CbpFQnfj9AK/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/kWuL79zzL5G2i5x5/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/JmqA2uu8UKuFnYYn/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/Uztm4MCFfKfKPzNV/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/fbkRBwjX4LtdopnQ/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/BNpUeV177hJaEKfB/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/8aTBwUNSy8mqsy9m/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/bDotEc6XLEfUA55T/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/gXusfwXcscjw2UFE/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/ywQjrpJAvoVDsJV8/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/jUQ1sodGHVuu12UB/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/VM96ewviX2HNqkBp/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/bv4PB41NsNZX2Bn6/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/5Ys7pQGaQHjj1bPu/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/7P7iHrZNwP7EmdHh/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/yNi5mKUyhGMwBzGN/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/kEaNQtBhAo6KVMwZ/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/vKjvrwhaFEXNmJic/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/yLcuPfSidLJwN3Ry/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/HANGmXPQq4pZQhjU/?mibextid=xfxF2i>